



1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Зияткерлік меншікке кіріспе





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Зияткерлік меншікке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Зияткерлік меншік құқығы ауқымды әрі әртүрлі заттардың: проза, компьютерлік бағдарламалар, кескіндемелер, фильмдер, телевизиялық бағдарламалар және орындаушылықтан бастап, киім дизайны, дәрі-дәрмек және генетикалық түрлендірілген жануарлар мен өсімдіктерге дейін айрықша құқықтар түзеді. Зияткерлік меншік туралы заң, сондай-ақ, тауарлар мен қызметтерге қолданылатын түрлі айырым белгілеріне құқық береді. Біздің айналамыз зияткерлік меншік құқығы нысанына толы, күнделікті қам-қарекетімізде олармен жиі ұшырасамыз.

Әрқилы нысандарды қамтитынын ескерсек, зияткерлік меншік құқығы дегеніміз – бір ғана әрі біртекті құқықтық нормалар жиынтығы емес, керісінше, бұл терминнің әдетте құқықтың әртүрлі саласын сипаттайтыны, оның қатарына, негізінен, әрқайсысының өз алдына бөлек ерекшеліктері бар авторлық құқық, патент құқығы, сауда маркасы құқығы кіретіні таңғаларлық жайт емес шығар. «Зияткерлік» (интеллектуалдық) сын есімі – құқықтың осы саласы реттейтін кейбір материалдың, дәлірегі, адамның ақыл-ойынан, яғни «интеллектінен» туған өнімдердің ерекшелігіне ортақ сипаттама. Ал, «меншік» ұғымы реттеу формасын, яғни, жекеге материалдық мүлікке берілетін жекеменшік мүлік құқығына ұқсас жолмен жүзеге асыратын айрықша жекеменшік құқықтарды беруді білдіреді. Екі компонент те бір-біріне қарама-қайшы емес. Әлбетте, құқықтың осы саласы қорғайтын дүниенің бәрін «зияткерлік» деп атауға келмейді. Оның үстіне, заң шығарушылар не десе де, бұл құқықтардың «монополия» немесе «айрықшаланатын құқықтар» деп емес, шын мәнінде, «меншік құқығы» деп аталатынына күмәнданушылар бар. Кейбіреулер бұл құқықтарды «мүлік» ретінде қарау бұдан да кеңірек қарастыратын көзқарастар туындататынына алаңдайды.

«Зияткерлік меншік» термині авторлық құқық, патент, дизайн мен сауда маркасын қамтитын құқықтың жалпы саласымен байланысты 150 жылдан бері қолданылып келе жатқанмен, дәл қазіргідей қолданысқа енгеніне 30-40 жыл ғана өтті. Әйтсе де, осынау қысқа мерзім ішінде ол заң сөздігінің негізгі терминіне айналып үлгерді. Кең тарағанына қарамастан, «зияткерлік меншік» терминінің нақты ауқымы туралы белгілі бір ұйғарым жоқ. «Авторлық құқық», «патент» және «сауда маркасы» терминдері анықтамалардың барлығында дерлік кездеседі. Шын мәнінде, 1981 жылғы Жоғарғы сот заңында қолданылғандай, құпия ақпарат «зияткерлік меншік» термині аясына кіре ме?» деген сұраққа жауап іздегенде, Phillips v. Mulcaire ісін қараған Жоғарғы сот терминнің «әлеуеті» жетпейтінін атап өтті, яғни, оның сала шекарасына сыятындай күші болмады. Сондықтан «зияткерлік меншік» термині заң ұғымы ретінде қолданылуға ұсынылғанда, оның мәні нақты заңнама контексіне қарай анықталуы тиіс.

Зияткерлік меншіктің түрлі формалары арасында елеулі айырмашылықтар болғанмен, оларға ортақ бір фактор – меншікті қорғаудың идеялар, өнертабыстар, белгілер мен мәліметтер сияқты материалдық емес нысандарға негізделуі. Материалдық емес мүлік пен оларды кейіптеген материалдық объектілер арасында тығыз байланыс бар, әйтсе де зияткерлік меншік құқықтары материалдық заттардың меншік құқығынан бөлек, оған еш ұқсамайды. Мысалы, адам біреуге хат жолдағанда, сия мен пергаменттегі жеке меншік адресатқа ауысады. Алушы хатқа риза болса, оны рамкаға салып, қабырғаға іліп қоюы мүмкін; Ал, көңіліне кірбін түсірсе, хатты өртеп жіберер еді; ғашықтық хаты болса, оны сары майдай сақтап, олар дүниеден өткенде хат алушының еркі бойынша басқаға табысталады. Хат алушы оған физикалық объект ретінде хатқа меншік құқығын иеленгенімен, жолдаушы хатқа зияткерлік меншік құқығын сақтап қалады. Автор – хаттың авторлық құқығының алғашқы иегері, сондықтан бұл оған автор ретінде хат алушының хатты көшіріп басуына немесе интернетке жариялауына тосқауыл қоюға мүмкіндік береді. Көптеген адамдарға зияткерлік меншік құқығының оны жүзеге асырған физикалық объектіден бөлектігі қисынсыз болып көрінуі мүмкін. Жалпы, материалдық емес мүлікке құқық әлдеқашан берілгенімен, 18-ғасырдың соңына дейін заң «зияткерлік меншікті» мүліктің айрықша әрі бөлек түрі ретінде қабылдаған жоқ. Материалдық емес мүліктерге меншік статусын берген кезде, материалдық емес мүліктің аясы қалай және қай жерден белгіленуі керек деген сұрақ туды. Яғни, заң бойынша материалдық емес мүліктерге меншік құқығын беру қажет болғанда, меншік нысаны қалай анықталады және оның шекті параметрлері қандай болады деген сұрақ көлденең тұрды.

Зияткерлік меншік құқығының түрлі формаларын қарастыра отырып, бір нәрсеге көзіміз жетеді: мейлі ол кітап, көлік дизайны, немесе дәрі-дәрмектің жаңа түрі болсын – бұлардың барлығы «жасау» мағынасына сай ортақ түсінік аясына кіреді. Нақтырақ айтқанда, идеяны, ақпарат пен техниканы құдай, машина, әлде табиғат тылсымы немесе муза емес, олар адам қолымен жасалады.

Кітапты оқи келе көз жеткізетін тағы бір жайт – зияткерлік меншік құқығының тым саясиланып кеткендігі. Бір жағынан алғанда, бұрыннан бар (немесе ықтимал) құқық иелерінің сөзін сөйлейтін топтар бар, олар қолданыстағы заңдардың қорғанысы талапқа сәйкес келе бермейді. Екінші жағынан,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Зияткерлік меншікке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

зияткерлік меншікті қорғаудың тым қаталдығына қарсы топтар да бар. Олар: дамушы елдердің өкілі, тұтынушылар мен зияткерлік меншікті пайдаланушылар, сөз бостандығын қорғаушылар, классикалық либералды экономиканың теорияшылары, бәсекелестікті қорғауға маманданған адвокаттар, постмодерн теорияшылары, экологтар немесе діни топтар. Зияткерлік меншік туралы мұндай пікірталастарды «жақсы» мен «жаманның» айқасы ретінде әжуалау үрдісі байқалғанымен, осынау ұшқары пікірлер арасында құлақ асуға тұрарлық ұғынықты ойлар да ұшырасады.

Заң мен саясат философтары зияткерлік меншіктің статусы мен легитимділігі туралы жиі пікір таластырады. Әдетте философтар «неліктен біз зияткерлік меншік құқығын беруіміз керек?» деп сұрайды. Зияткерлік меншік құқығына рұқсат беруіміз қажет пе, жоқ па деген сұраққа қатысты таңдауымыз болғандықтан, философтар үшін бұл сұрақтың жауабын табу маңызды. Расында, даттық Superflex art-тобының осы кітаптың мұқабасында берілген суреті мензейтіндей, «көшіруді» қазіргі заман адам өмірінен ажырамас ұғымның бірі ретінде қарастыруға болады. Бұған қоса, жерге және материалдық ресурстарға меншік құқығын беруді ақтайтын дәстүрлі дәлел-уәждер, көбінесе, олардың аздығы мен зәрулігіне, сондай-ақ онымен бөлісудің мүмкінсіздігіне сүйенеді.

Зияткерлік меншікке қатысты келтірілген негіздемелер әдетте екі жалпылама санаттың екеуінің біреуіне жатады. Біріншіден, түсініктеме берушілер зияткерлік меншік құқығын негіздегенде, көбінесе этикалық және моральдық дәлелдерді қолданады. Мысалы, өзі еңбектеніп жасаған дүниесіне автордың табиғи немесе адами құқығының бар екендігін заң жүзінде мойындау авторлық құқықты ақтайды.

Осымен байланысты, әйтсе де біршама айырмашылығы бар экономикалық теорияға сәйкес, құндылығы жоғары материалдық емес артефактілерді мүліктік құқықтарға айналдырғанда, оларды тиімді пайдалану мүмкіндігі арта түседі. Мұндай теория (жасауға немесе жариялауға ынталандыратын зияткерлік меншік құқығы теориясымен салыстырғанда) материалдық емес мүліктің қалай пайда болғанын қарастырмайды, керісінше, мерзімі шектелмеген объектілерді қорғауға мән береді. Мұндай неолиберал экономикалық теория зияткерлік меншік тиімді пайдалануға кедергі келтіре бастаса, оны қорғаудың шегін белгілер еді (яғни, меншік иесімен мәмілеге келу құны тараптардың сондай шығынды болдырмау келісімін пайдаланудың алдын алады).

Зияткерлік меншік құқығының негізгі сипатының бірі – олардың әуелден ұлттық және аумақтық болып бөлінуі, яғни, өзіне құқық берген аумақ аясынан тысқары жерде жүрмейді. Зияткерлік меншік құқығының аумақтық табиғаты жұмыстары, өнертабыстары мен брендтері трансұлттық саудаға шыққан құқық иегерлеріне біраз қиындық тудырып келеді. Он тоғызыншы ғасырда өздерін зияткерлік меншіктің нетто-экспорттаушысы санайтын бірқатар мемлекеттер авторларын, дизайнерлері мен өнертапқыштарын және сауда маркаларын басқа юрисдикциядан қорғау амалдарын іздестіре бастады. Бастапқы кезеңде бұл екіжақты келісім негізінде жүзеге асты: екі мемлекет басқа елдің азаматына өздеріне тиісілі құқығын қорғауды талап етуге жағдай жасауға уағдаласты. Он тоғызыншы ғасырдың соңына таман бірқатар мемлекеттер (негізінен еуропалық елдер) екі бірдей көпжақты келісім жасасты: 1883 жылғы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы; 1886 жылғы Әдеби және көркем шығармаларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы. Бұл шарттардың егжей-тегжейін алдағы тараулардың еншісіне қалдырып, әзірге екі шарттың да «ұлттық режим» қағидатын басты қорғау критерийі ретінде таңдап алғанына тоқтала кеткіміз келеді. Париж және Берн одағына мүше мемлекеттер («А» елі) басқа мүше мемлекеттердің («В» елі) азаматтарын өз азаматтарына ұсынғандай құқықтық қорғау амалдарымен қамтамасыз етуге міндетті. Демек, ұлттық режим қағидаты – дискриминация жасамау ережесіне парапар. Ұлттық режим қағидасының ең тартымды тұсы – мемлекеттерге халықаралық қорғау талаптарын сақтай отырып, өз заңын қабылдап, қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, ұлттық режим, ешқандай үйлестіріусіз-ақ халықаралық қорғау механизмі болып шыға келеді.

Ұлттық режим қағидасы құқық иелеріне өз мүдделерін басқа юрисдикцияда қорғауға мүрсат бергенмен, ол түйткілді толық шеше алмайды. Ұлттық режим шеше алмаған проблемалардың бірі – А елі қорғаудың алғышарты ретінде тіркелуді талап етсе, В еліндегі құқық иесінің өз туындысын А елінде қорғау үшін едәуір қаржы мен уақыт шығындалуға мәжбүр болуы. Сондықтан, халықаралық зияткерлік меншік құқығы XIX ғасырдың соңынан бері тіркеуден туындаған осындай қолайсыздықтарды мейлінше азайтуды басты мақсат етіп қойды. Авторлық құқық саласында бұл түйткіл Берн одағы мүшелерінен ешқандай формалды ресімсіз (мыс. тіркеу), авторлық құқықты қорғауды талап ету арқылы шешілді.

Жиырмамыншы ғасырда зияткерлік меншікті қорғаудың халықаралық шаралары күшейтіліп, XXI ғасырда да жалғасын тапты. Осы уақыт аралығында Париж бен Берн конвенциялары бірнеше рет қайта қаралып, олардың мүшелік құрамы кеңейді әрі бірқатар жаңа шарттар қалыптасты. Бұл шарттардың



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Зияткерлік меншікке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

көбі штаб-пәтері Женевада орналасқан Дүниежүзілік зияткерлік меншік жөніндегі ұйымның (WIPO) бастамасымен және басшылығымен әзірленді. Ол зияткерлік меншік саласында халықаралық деңгейдегі жаңа бастамаларға түрткі болатын негізгі форумға айналды.

Ертеректегі зияткерлік меншік шарттары, негізінен, осындай құқықтарды мойындауға мүдделі елдер арасында жасалған еді (тіпті мұндай келісімдер мүдделері мүлде басқа отар елдерге де таңылды). АҚШ, Кеңес одағы және ҚХР сияқты мемлекеттер келісімге қосылуға асықпады, олар зияткерлік меншіктің «таза тұтынушысы» ретінде шетелдіктердің құқығын мойындау ұлттық экономикалық мүддемізге қайшы келеді деп ойлады. Он тоғызыншы ғасырда Америка Құрама Штаттарының британдық авторлық құқық иелерін қорғауға оңайлықпен көне қоймауы үлкен наразылыққа ұласты. Жиырмамыншы ғасырда анағұрлым ыңғайлы шарттар қабылданғанмен, АҚШ Берн конвенциясына тек 1989 жылы 1 наурызда ғана қосылды.

1980 жылдары АҚШ өзінің зияткерлік меншік өнімдерінің таза өндірушісі екенін түсінді, осылайша Еуропа экономикалық қауымдастығымен және Жапониямен бірлесе дүние жүзі бойынша зияткерлік меншікті қорғаудың деңгейін көтеруді қолдай бастады. Дәстүрлі келісімшарттар аясында ұшырасқан қиындықтар салдарынан сенімі азайған дамыған елдер ДЗМҰ-ның қазіргісінен әлдеқайда агрессивті амалдарды қолдана бастады. Атап айтқанда, 1980 жылдары АҚШ үкіметі америкалық зияткерлік меншік құқық иелерінің құқығы лайықты қорғалмаған елдерді сауда санкциясымен қорқытып, өзара саудадағы күштілігін пайдалана бастады. ДЗМҰ бақылауындағы шарттарға көңілі толмаған АҚШ Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім (GATT) жүйесіне зияткерлік меншік құқығын енгізуге тырысты.<sup>42</sup>

Тарифтер мен Сауда жөніндегі бас келісім (GATT) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем бойынша сауда шартын тұрақтандыру мен ырықтандыру мақсатында құрылды. 1986 жылы келіссөздердің жаңа айналымы басталды, оның күн тәртібіне «Зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілері» (TRIPS) кірді. Келісім 1993 жылы аяқталып, 1994 жылы сәуірде Марракеште қол қойылған Дүниежүзілік сауда ұйымы (WTO) келісімінің бір бөлігіне айналды. Қазіргі кезде Марракеш Келісіміне 164 мемлекет қосылған.

TRIPS келісімі «зияткерлік меншік» түсінігінің қамту ауқымын анықтауға қадам жасаған алғашқы маңызды келісім болды. TRIPS «зияткерлік меншік» ұғымына арнайы көрсетілген немесе ДСҰ мүшелерінен Берн және Париж конвенциясындағы бұрыннан бар қорғау стандарттарын мойындауды талап ететін ережелер арқылы жанама түрде енгізілген құқықтар аясында анықтама береді. Ол авторлық құқық, сауда маркалары, географиялық шығу тегі, дизайнер, патенттер, интегралды сызба топографиялары және жарияланбаған ақпараттың «сабақтас құқықтарының» мардымды қорғалуын талап етеді.

1995 жылы 1 қаңтарда күшіне енгеннен бері TRIPS зияткерлік меншік құқығының жалпы дамуына зор ықпал етті. Десе де, мемлекет зияткерлік меншік туралы заңды ратификациялап, бірақ оның шарттарын орындамаса, Халықаралық сот (ХС) арқылы мәжбүрлеу процедурасының қолайсыздығы оған қарсы шара қолдануға мүмкіндік бермейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы бұл ұйымға толыққанды мүше ретінде 2015 жылы шілде айында кірген болатын. Әйтсе де, TRIPS ДСҰ шартының құрамдас бөлігі болғандықтан, қандай да бір мемлекет TRIPS талабын орындамаса, басқа мүше-мемлекет ДСҰ-ға шағым түсіріп, «дауды шешу процедурасын» іске қоса алады. Оған сәйкес, тараптар, алдымен, өзара кеңес өткізеді, содан кейін үш сарапшыдан құралған топтың әзірлеген есебін тараптар не қабылдайды, не апелляцияға береді. Мемлекетке қарсы шағым қанағаттандырылса, әдетте, TRIPS келісіміне сәйкестіндіру үшін тиісті заңдарды өзгерту талап етіледі, дегенмен тараптар пікірталас кезінде балама келісімге келуі мүмкін.

TRIPS халықаралық зияткерлік меншік құқығы бойынша соңғы 30 жылдағы ең маңызды ілгерілеу десек те, ол ДЗМҰ рөлін мүлдем жойып жібере алмады. Шын мәнінде, ДЗМҰ-мен келісіп әзірленген зияткерлік меншік туралы жаңа шарттардың қатарына 1996 жылғы ДЗМҰ-ның Авторлық құқық жөніндегі шарты, 1996 жылғы ДЗМҰ-ның Орындаушылық пен фонограммалар туралы шартта, 2012 жылы қол қойылған Аудиовизуалды орындау жөніндегі Бейжің келісімі; 2013 жылы қол қойылған Нашар көретіндерге арналған Марракеш шарты және Тауардың шыққан жерінің атаулары жөніндегі Лиссабон шартының (2015) қайта қаралған нұсқасы кіреді. ДЗМҰ-ның басқа бастамалары, соның ішінде (қазіргі кезде ДСҰ-мен бірлесе) дәстүрлі білім мен патенттік құқықты стандарттау халықаралық зияткерлік меншік құқығында маңызды рөл атқара бермек.

Халықаралық деңгейде дайындалған зияткерлік меншік құралдары дамушы және ең нашар дамыған елдердің айрықша сұраныстарын кей жағдайда ғана мойындағаны (көбінесе өтпелі кезең ыңғайында) болмаса, зияткерлік меншік стандарттарын жаһандандыру, негізінен, әртүрлі дамыған елдердің лоббилік топтарының талап-тілегін халықаралық жария құқыққа енгізген үдеріске айналды. Тек 1992 жылғы Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция (CBD) ғана бұдан тыс, ол құжатта биологиялық ресурстарын



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Зияткерлік меншікке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

сақтау мен оның коммерциялық қаделеуінен түскен пайдаға (байырғы) тұрғындардың құқығын мойындайды.

Дамушы елдердің түрлі ұстанымы мен мүддесін мойындау – жақсы нышан, дегенмен бірқатар комментаторлар екіжақты сауда келісімдері арқылы (атап айтқанда, АҚШ/Еуропалық одақ және дамушы елдер арасында) стандартты ары қарай «күшейту» үрдісін байқады. Зияткерлік меншікті стандарттау және үйлестіру мақсатын көздейтін жалғыз сала ретінде көпжақты келісімнен біртіндеп арылу соңғы жылдардағы айтулы жетістіктердің бірі ретінде аталады. Осындай сауда келісімдері арқылы зияткерлік меншік құқықтарының жоғарырақ стандарттарының географиялық ауқымын біртіндеп кеңейту көп тарапты ортадағы одан арғы норма белгілеу қаупін сездіреді.

Мұндай екіжақты келісімдер, сондай-ақ «инвестициялық келісімдерді» де қамтиды, оған сәйкес елдер шетелдік инвестицияларға кепілдеме беруге келіседі, оған көбінесе «зияткерлік меншік» те кіреді. Мұндай режимдер, әдетте, арбитраж жүйесімен алға салып, аталған инвестицияларды біреулердің иемденіп алғанын немесе инвесторларға «әділетті әрі тең қарым-қатынас» болмағанын жиі мәлімдейді.

Сонымен қатар, дүние жүзі бойынша түрлі зияткерлік меншік мекемелерінде қолданылатын стандарттарды ұтымды үйлестіру мақсатында оң қадамдар жасалып жатыр.

Ұлыбританиядағы зияткерлік меншік құқығын оқитын студенттер үшін халықаралық зияткерлік меншіктің кейбір негізгі қырларын түсіну қаншалықты маңызды болса, ЕО заңнамасымен танысу соншалықты өзекті. Себебі, Біріккен Корольдік заңдарындағы соңғы 30 жыл мұғдарында болған зияткерлік меншікке қатысты өзгерістердің дені Еуропалық одақпен байланысып жатыр.

1970 және 1980 жылдары Ұлыбританияның зияткерлік меншік құқығына ЕО заңының ықпалы заңы ТFEU-дің 34 және 36-баптарының салдарынан туындады. Бұл екі ереже «ішкі нарық» құруға, яғни, сауда жасауда ешқандай ішкі шектеуі немесе еларалық кедергілері жоқ біртұтас Еуропалық нарық құруға талпынысты көрсетеді. Осыған орай, ТFEU-дің 34-бабы саудаға «сандық шектеулер» қоюға тыйым салып, «эквивалентті әсері бар» ережелерге рұқсат етпейді. ЕО-ның бір мемлекетінен екіншісіне тауар импорттау кедергілерінің алдын алуға зияткерлік меншік құқығын қолдану «сандық шектеу» болып саналғанымен, ТFEU-дың 36-бабы индустриялық және коммерциялық мүлікті қорғау қажеттілігі туғанда, мұндай шектеулерді алып тастауға рұқсат береді. Себебі, мұндай шектеулер «мүше мемлекеттер арасындағы сауданы еркін дискриминациялау немесе жасырын шектеу құралы емес».

Еуропалық бастамалардың Ұлыбританияның зияткерлік меншік құқығына тағы бір ықпалы – ТFEU-дың 101 және 102-бабында қамтылған бәсекелестік ережелерінен көрінеді. Бұл ережелер бәсекелестікке қарсы мәмілелелер мен құйтырқы әрекеттердің, сондай-ақ, монополияны пайдаланып қиянат жасаудың алдын алуға арналған. 101-бап «міндеттемелер арасындағы көрінеу келісімге..... және мүше- мемлекеттер арасындағы саудаға әсер ететін әрі әділ бәсекелестікті айналып өтуді, шектеуді немесе бұрмалауды көздейтін немесе соған әсер ететін құйтырқы әрекеттерге» тыйым салады. «Міндеттеме» термині әрқилы түсіндіріліп келді, сондықтан 101-бап, бәсекелестер арасындағы, әлде дистрибуция деңгейлері әртүрлі тараптар (мысалы, эксклюзивті дистрибьюторлық келісім) арасындағы зияткерлік меншік құқығын лицензиялау және оларды басқаға беруге қатысты келісімдерге қолданылады.

Еуропаның Зияткерлік меншік құқығын реттеуді мықтап қолға алғанын ескерсек, бірқатар бастамаларының қиындыққа тап болуы таңғалатын жайт емес. Көбінесе, үкімет тарапынан туындаған мұндай түйткілдер Еуропа сотында қаралуы тиіс. Ұлттық соттардың Қауымдастық институттарының нормативтік актілерін жарамсыз деп тануға өкілеттіктері жоқ. Өткен шақ тәжірибесіне көз жіберсек, Еуропалық одақ заңын кері қайтарылуы екіталай екенін айта аламыз.

Директиваларды енгізу барысында Ұлыбритания үкіметі (көбінесе абстрактілі тілмен жазылған) директива ережелерін британ заң актілеріндегі үйреншікті тілге орайластырып қайта жазып шығады. Өкінішке орай, мұндай қайта жазу кесірінен заңды түсіну күрделеніп кетуі мүмкін, сондықтан БК судьялардың біразы мұндай тәжірибеге аса ықылас білдірмеді. Мемлекет директиваны енгізе алмаса, сондай-ақ ішінара не кешігіп енгізсе, Комиссия осы мүше-мемлекетке қарсы Еуропа сотына талап-шағым бере алады.

Сайып келгенде, директиваны (немесе регламентацияны) қалай интерпретация жасау керектігін Еуропа соты өзі шешеді. Бұл мәселені шешу үшін Сот 11 Бас адвокаттың біреуінің көмегіне жүгінеді, ол Сотқа көмектесу үшін пайымды ойымен бөлісуі тиіс.

Еуропалық одақтың зияткерлік меншік құқығын реттеуі ұйымның келіссөздер барысындағы рөлі мен түрлі шарттарға қол қоюынан көрінеді. ЕО-ның шартқа қол қою өкілеттігі қазіргі ТFEU-дің 207-бабында (бұрынғы ЕО 133-бабы мен Шарттың 113-бабында) белгіленген.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Зияткерлік меншікке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Бүгінге дейін Еуропалық одақ зияткерлік меншікпен байланысты бірқатар шарт жасасты. Мысалы, қазір Еуропалық одақ Зияткерлік меншік құқықтарының сауда-саттықпен байланысты аспектілері жөніндегі Келісімнің (TRIPS) қатысушысы болып табылады (оның өзі Берн және Париж конвенциясымен сабақтас). Біріккен Корольдіктегі зияткерлік меншік құқығын түсіну үшін Еуропа экономикалық аймағымен (ЕЭА) жете таныс болған жөн. Бұл – Еуропалық одақ пен Еуропалық еркін сауда аймағына (ЕЕСА) кіретін одақтас елдер арасындағы бастама. 1994 жылы ЕЕСА-ға мүше-мемлекеттердің көбі ЕО-мен ЕЕСА арасындағы бірлескен бастама қосылып, ЕЭА құруды қолдады.

ЕЕСА құрамындағы ЕЭА-ға қосылған мемлекеттер ЕО-ның біршама директивасын орындауға міндеттелді (оның ішінде сауда маркасы мен авторлық құқық та бар). Аталған ережелердің сақталу барысын ЕЕСА Бақылау комитеті мен ЕЕСА соты көз қырында ұстайды. Ал, Еуропалық одақ ЕЭА елдерімен бірлесе, өз ережелерін кеңейтуге келісті. Соның нәтижесінде, ЕЭА аясындағы келісім ережелерінде қолданылған Еуропалық одақ, «Қауымдастық» немесе «Ішкі нарық» терминдері келісімге қол қойған мемлекеттердің аумағын түгел қамтыса болады. Оған қоса, доғару доктринасы мен ТФЕУ-дың 34-бабы бойынша Еуропа сотының практикасы ЕЭА нарығына шығарылған тауарларға ашық қолданылады.

Қалыптасқан үрдіске сай, бұл келісімдерге «импортқа сандық тұрғыдан шектеу қоюға және балама әсерге ие шараларға» тыйымдар және ТФЕУ-дың 101 және 102-бабына ұқсас бәсекелестік жөніндегі ережелер енгізіледі. Әдетте бұл келісімдерде келісуші тараптардың Еуропалық патент конвенциясы, Өсімдіктер сұрыбын қорғау одағы, Рим конвенциясы, Мадрид хаттамасы, Берн және Париж конвенциясы, Мадрид келісімі мен Патенттік кооперация туралы шарт сияқты түрлі зияткерлік меншік шарттарына мүше болуын (бұрыннан мүше болса, міндеттемесін нақтылауын) талап етеді. Сондай-ақ, мемлекеттер өздерінің меншік туралы заңдарын Еуропалық Одақпен жақындастыруы үшін ЕО *acquis* (яғни, ЕО заңнамасына кіретін заңдар, құқықтық актілер мен сот шешімдері жиынтығын) пайдалануы тиіс.

Бұған қоса, Еуропалық Одақ, аймақтан тысқары жатқан елдермен екі жақты келісімге отырды. Мысал ретінде, 2012 жылғы Орталық Америка қауымдастығы келісімін және Еуропалық одақ пен Канада арасындағы 2013 жылдың соңында жасалған Кешенді экономикалық және сауда келісімін (СЕТА) атауға болады.

Зияткерлік меншікті құқықпен байланысты бірқатар еуропалық бастамалардың Еуропалық одақ шеңберінен тыс жүзеге асып жатқанын айта кету керек. Соның ішіндегі ең маңыздысы – 1973 жылы қабылданған Еуропалық патент конвенциясы (ЕПК). ЕПК-ның ұлттық дәрежедегі патент берумен айналысатын орталық кеңсесі, Мюнхихте орналасқан. ЕПК Еуропалық одақтан дербес келісім, оның қатысушылар құрамына оған мүше мемлекеттермен қоса, ЕЭА елдері және Швейцария, Түркия сияқты ЕЭА-ға мүше емес елдер кіреді.

1949 жылы Еуропаның 47 мемлекетінің басын біріктірген саяси ұйым – Еуропалық кеңес те зияткерлік меншікке ықпал етеді. Еуропалық кеңес негізінен демократия мен адам құқықтарын нығайтумен айналысса да, ұйым зияткерлік меншік саласында бірқатар бастамаларды жүзеге асырды. Кеңес кейбір шарттарға, мысалы, патент туралы шарт (патент алуға қажетті ресми рәсімдер, патенттерді халықаралық жіктеу және 1963 жылғы өнертабысқа патент алу туралы бұрыннан бар заңның кейбір тармақтарын сәйкестендіру жөніндегі Страсбург конвенциясы); авторлық құқық (атап айтқанда, теле-радио хабарларын тарату ұйымдарының құқығын мойындауды талап ету) және туындылары шекарадан тыс аумаққа таралатын авторлардың құқығын қорғауға бақылау жүргізеді.

2016 жылғы маусым айындағы референдум нәтижесі, оған іле-шала Британия үкіметінің 2017 жылдың наурызында Еуропалық шарттағы 50-бапты іске қосу туралы шешімі Біріккен Корольдікте зияткерлік меншік құқығын қорғаудың болашағы бұлыңғыр екенін білдірді. Бұл саладағы саясат 1980 жылдардың аяқ кезінен бері Еуропалық одақ пен Еуропа соты ықпалымен қалыптасқан. Британиялық заң шығару органдары заңдарды аса сақтықпен, уақтылы енгізуге тырысты, ал БК соттары пайымдамасының мазмұны мен сапасына үнемі көңіл толмайтынына қарамастан, ЕО заңдарына ұдайы сілтеме жасап, кеңінен қолданды.

Үкімет өтпелі кезең талабына сай әрекет жасап жатыр. «Үлкен бас тарту заңы» (Great Repeal Act), шын мәнінде, қарама-қарсы орындалмақ: Біріккен Корольдік Еуропалық одақтан шығардан бір күн бұрын қолданылатын заңдар БК заңының бір бөлігіне айналады, сөйтіп, одақтан шыққан соң да жүре береді. БК заңына (әсіресе, 1972 жылғы Еуропалық қауымдастық туралы заңға сай) енгізілген директиваларға келсек (мысалы, сауда маркасы және дизайн директивасы, авторлық құқық жөніндегі бірқатар директивалар және құқық қолдану директивасы), бұл тіптен қиындық тудырмауы керек. Ішкі құқыққа аударылмаған регламентациялар (себебі олар тікелей қолданыла береді) БК заңы ретінде саналады. Одақ құрамынан



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Зияткерлік меншікке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

«шығатын күнге» дейін Еуропа сотының ЕО заңдарына берген интерпретациялары (Апелляциялық сот пен Жоғарғы соттан басқасына) міндетті боп қалады, ал кейінгі жарияланғандарының ондай міндеттеу күші болмайды (сол межелі күннен кейін Еуропа сотына ешқандай сілтеме жасалмайтыны онсыз да белгілі).

Өтпелі кезеңнің шешілмеген мәселелері шаш етектен. Соның бірі – Қауымдастық дизайн режимі, Қауымдастық өсімдік сұрыптары құқығы және ЕО сауда маркасы мен географиялық шығу тегі секілді Еуропалық Одақтың жалпыға бірдей біртұтас құқығына байланысты. Бұлар әзірше Еуропалық одақтағы әрекеттерге құқық сай болуын қамтамасыз етеді, бірақ Брекзиттен соң өтпелі кезең ережесі болмаса, аталмыш ережелер Одақ құрамында ендігәрі қалмайтыны анық. Ұсынылған өтпелі кезең келісімдеріне сәйкес, Брекзиттен кейін мұндай ЕО құқықтары автоматты түрде Ұлыбританияның осыған балама ұлттық құқықтарына айналады.

Алдағы ұзақ мерзімді келешекте Ұлыбританиядағы зияткерлік меншіктің бағыт-бағдары туралы сенімді пікір айту қиын. Авторлық құқықтың шарттары қысқартыла ма, қосымша қорғаныс сертификаттары, droit de suite және дерекқор құқығы жойыла ма, сауда маркасы функциясына қатысты сот тәжірибесінен бас тарта ма, беделі азайған сауда маркасына қатысты құқық.

Біріншіден, Пост-Брекзит кезеңінде Еуропалық одақпен арада жасалған кез келген сауда келісімге зияткерлік меншік туралы арнаулы тарау енгізіліп, Ұлыбританиядан қазіргідей стандарттарды сақтауды талап етуі мүмкін. Еуропалық одақпен бұрында жасалған сыртқы келісімдер тәжірибесі ЕО-ның негізі қамтамасыз етуге (немесе сақтауға) тырысатынын айқын көрсетеді.

Екіншіден, Ұлыбритания Адам құқығы жөніндегі Еуропалық конвенция мүшесі болып қала береді.